

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Елбасы-Ел тірегі

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.11.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/85733/>

Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп интернатының тарих пәнінің мұғалімі

Рысбекова Фарида Асановна

Елбасы-Ел тірегі

1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні. Күнтізбеге қызыл белгімен енетін бұл күннің еліміз үшін орны ерекше. Бүгінде әлем мойындаған тәуелсіз еліміздің уығын қадап, шаңырағын көтеріп, іргесін бекіткен Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың халық алдында, мемлекет алдында еңбегі орасан зор.

КСРО күйреген шақта жеріміздің тұтастығын сақтап, ел іргесін сөкпей, татулық пен бірлікті, достық пен сыйластықты ту етіп, тәуелсіздігі тұғырлы, жасампаз Қазақстан мемлекетін құрды. Күрмеуі қиын шақтарда өзіне сенім артқан жұртын берекелі бірлік пен өркениетке бастап, Қазақстанды дамыған әлеуетті мемлекеттердің алдыңғы қатарына қоса білген Президенттің халық үшін еткен қызметі ерен. Қазіргі кезде есімі елімен қатар аталып, алыс-жақын мемлекеттерде мәртебесі тасыған Тұңғыш Президентіміздің күнін атап өту әрбір қазақстандық үшін мерейлі мереке екені анық.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев - әлемнің қазіргі тарихындағы кемеңгер тұлға. Елбасы жер-жаһанға мемлекеттің бейбіт және ядролық қарусыз саясатын паш етіп, Қазақстанды жоғары халықаралық деңгейге шығарды.

Мемлекет басшысының бастамасымен тәуелсіздік жылдарында экономикалық, саяси, әлеуметтік реформалар жүзеге асырылды. Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бастамалары, болашақты болжай білетін көрегенділігі, сарабдал саясаткерлігі арқасында көпұлтты мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түсті.

Бүгінде Қазақстан бірлік пен қоғамдық келісімнің алтын бесігіне айналды. Еліміздегі татулық пен ынтымақтың бірегей үлгісін жаһан жұртшылығы зерделеп, «Қазақстандық жол» және «Назарбаев моделі» деп баға береді. Елбасының салған сара жолына әлемдік саясаткерлер мен ғалымдар тарапынан қызығушылық жоғары. Мемлекет басшысының бастамалары мен идеялары терең зерттеулерге арқау болып, оған халықаралық деңгейдегі жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының назары күшейіп отыр.

Ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоятын патриот және ұлт тағдырының жалпы адамзаттық дамумен шендесіп жатқанын терең түсінетін көреген саясаткер ретінде Н.Назарбаевтың халыққа сіңірген тарихи еңбегі уақыт өткен сайын парақталып, бағасы арта түсуде. Нұрсұлтан Әбішұлы әлемнің аса ірі басшылары мойындаған қазақ мемлекетінің ең алғашқы басшысы, дүние жүзіне әйгілі саясаткерлердің бірі. Ел басқару ісінде халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі мен әлемдік тәжірибені тал бойына тоғыстырған алымды да, алғыр басшы. Оның дәлелі, қазақ елінің халықаралық беделін, қоғамдағы ұлтаралық қатынастардың, ұлттың әл-қуатын арттыруға деген ұмтылысынан көруге болады.

-Әрбір елдің ,халықтың бір дәуірлерде қайта түлеуіне, жаңғыру кезеңіне себепкер тарихи ұлы тұлғалар болады. Мысалы,Түріктер үшін- Кемал Ататүрік, үнділер үшін – Махатама Ганди. Олардың бірі тарихтан өшіп кетудің алдында тұрған халқын қайта түлетсе, екіншісі отаршылар езгісінде тапталған қалың бұқараның еңсесін көтерді. Ал біздің қазақ үшін Н.Ә.Назарбаев-сондай тұлға. Осындай ұлт бақыты үшін туған азаматтың қайраткерлігі, сезімталдығы, көрегендігі,нені қолға алса да жүз ойланып,мың толғанып шешім жасайтын қасиеті ұнайды. Әсіресе, Астана идеясын жүзеге асырудағы ерлігін,табандылығын, сіңірген еңбегін ешбір материалдық өлшеммен салыстыруға болмайды.

Бізге ең алдымен ынтымақ,бірлік,елдің тыныштығы керек еді. Ырың-жырынға жол бермеу керек еді. Бұдан басқа жол жоқ еді. Бабаларымыз бізге мирас етіп кеткен сол жолдан Елбасы ешқашан тайған емес

Еліміздің егемендігін нықтаған,қазақ халқын XXI ғасыр ұлт ретінде қатарынан қалдырмай, өрге оздырып келе жатқан ,сонымен бірге Қазақстанды дүниежүзіндегі бәсекеге қабілетті елдердің алдыңғы қатарына шығарған, Тәуелсіздіктің бұғанасын қатайтып, туын асқақтатқан, түркі әлемінің дамуына үлкен үлес қосқан айтулы тұлға дер едім.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.